

## **Маңғыстау облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2021 жылғы 7 қазандағы № 246 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 15 қазанда № 24780 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағына сәйкес Маңғыстау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Маңғыстау облысы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

Маңғыстау облысы әкімдігінің "Маңғыстау облысының коммуналдық меншігіне бюджет қаражаты есебінен салынған мүлікті қабылдау және оны әрі қарай пайдалану қағидасын бекіту туралы" 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 89 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3353 болып тіркелген);

Маңғыстау облысы әкімдігінің "Маңғыстау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 89 "Маңғыстау облысының коммуналдық меншігіне бюджет қаражаты есебінен салынған мүлікті қабылдау және оны әрі қарай пайдалану қағидасын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2018 жылғы 9 сәуірдегі № 58 қаулысы ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3588 болып тіркелген ).

2. "Маңғыстау облысы қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Маңғыстау облысының әкімі*

*Н. Ногаев*